

Шет ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 мамырдағы "Шет ауданының жұмыссыз жастары үшін дипломнан кейінгі кәсіби тәжірибені ұйымдастыру туралы" N 10/03 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шет ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 10 мамырдағы N 08/02 қаулысы. Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 7 маусымда N 8-17-120 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Шет ауданы әкімі аппараты жетекшісінің 2013 жылғы 31 шілдедегі N 8-2/820 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Шет ауданы әкімі аппараты жетекшісінің 31.07.2013 N 8-2/820 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес Шет ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Шет ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 мамырдағы "Шет ауданының жұмыссыз жастары үшін дипломнан кейінгі кәсіби тәжірибені ұйымдастыру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 8-17-100 болып тіркелген, 2010 жылғы 1 шілдедегі N 27 (10.282) "Шет Шұғыласы" газетінде жарияланған) N 10/03 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 1 тармағы 4) тармақшасындағы "20 000 (жиырма мың)" деген сандар "26 000 (жиырма алты мың)" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Юржан Асанұлы Бекқожинге жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шет ауданының әкімі

Қ. Тілеубергенов